

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНЕ ҚАРАСТЫ
«№39 Л.ЖОЛДАСОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері әдістемелік бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары

Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігі жетекшісі:

Алипова Ж. Қ

2022-2023 оқу жылы

Әдістемелік бірлестіктің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Әдістемелік бірлестік оқу-тәрбие, әдістемелік, тәжірибелік-эксперименттік және сыныптан тыс жұмыстың бір немесе бірнеше өзара байланысы бар ұқсас оқу пәндердің білім беру мекемесіндегі негізгі құрылымдық бөлімі болып табылады.

1.2. Әдістемелік бірлестіктер мектепте бір пәннен кемінде 3 мұғалім болған жағдайда құрылады. Әдістемелік бірлестік құрамына бір-бірімен шектес және жақын пән мұғалімдері кіреді. Білім беру мекемесінде сонымен қатар тәрбиешілердің де әдістемелік бірлестіктері құрылады.

1.3. Әдістемелік бірлестіктің саны білім беру мекемесінің алдына қойған кешенді міндеттеріне байланысты анықталып, директордың бұйрығымен бекітіледі.

1.4. Әдістемелік жұмыс жөніндегі директор орынбасарының ұсынысымен білім беру мекемесінің директоры әдістемелік бірлестікті ашады, қайта құрады, таратады.

1.5. Әдістемелік бірлестік тікелей директордың әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.6. Оқу-әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының Конституциясын және қолданыстағы Заңдарын, оқушыны оқыту мен тәрбиелеу мәселесімен айналысатын барлық деңгейдегі білім басқармасы ұйымдарының және мектептің Жарғысы мен директордың бұйрықтарын басшылыққа алады.

II. Әдістемелік бірлестік қызметінің бағыты мен міндеттері

Мектептегі әдістемелік бірлестік білім беру мекемесіндегі белгілі бір міндеттерді шешу үшін құрылған құрылымдық бөлім. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы мұғалімнің кәсіби потенциалын тиімді қолдану және тиісті оқу пәндерінің оқыту әдісін жетілдіруді үйлестіріп дамыту және осының негізінде – білім беру үдерісін жақсарту.

Әдістемелік бірлестік:

- оқушының оқу мүмкіндігін, білім беру үдерісінің нәтижесін, сонымен бірге пән бойынша оқудан тыс жұмыстарды талдайды;
- білім беру үдерісін қажетті әдістемелік - бағдарламалық кешенмен қамтамасыз етеді;
- пән мұғалімдеріне нақты әдістемелік көмек көрсетуді жоспарлайды;
- әдістемелік семинарды және әдістемелік жұмыстың басқа да формаларын ұйымдастырады;
- пән кабинеттерінің жабдықталуын жоспарлайды және талдайды;
- оқушылардың аттестация аралық материалын келіседі;
- қажет болған жағдайда оқушының білімділік нәтижесіне оқу материалының минимум көлемі мен мазмұнына қойылатын талапты келіседі;
- мұғалімдердің оқу бағдарламасына енгізетін алғашқы сараптау өзгерісін жүргізеді;
- пәнді оқыту тәжірибесін зерттейді және жинақтайды;
- оқушылардың пән бойынша сыныптан тыс жұмысын ұйымдастырады;
- мұғалімге көмек ретінде әдістемелік ұсынысты дайындауға шешім қабылдайды;
- оқушыларға және оның ата-аналарына тиісті пәнді жақсы меңгеру, оқу еңбегінің мәдениетін арттыру мақсатында әдістемелік ұсыныс жасауды ұйымдастырады;
- мұғалімдерге кәсіби біліктілігін арттырудың әртүрлі формасын ұсынады;
- іс тәжірибесі аз және жас ұстаздарға тәлімгерлер жұмысын ұйымдастырады;
- сайыс, олимпиада, пән апталығының (айлық) ережесін жасап және оның өткізілуін ұйымдастырады.

III. Әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі формасы

- 3.1. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің проблемасы бойынша педагогикалық эксперимент өткізу және оның нәтижесін білім беру үдерісіне енгізу;
- 3.2. Оқу -әдістемелік сұрақтар бойынша «Дөңгелек стол», семинар және отырыс, мұғалімдердің шығармашылық есері;
- 3.3. Оқушылардың оқу және тәрбие әдісінен сұрақтары бойынша әдістемелік бірлестіктің отырысы;
- 3.4. Пән бойынша ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар;
- 3.5. Жалпы педагогика мен психология сұрақтарынан, оқыту және тәрбие әдістерінен лекция, баяндама, хабарлама, және талқылау;
- 3.6. Оқу –тәрбие процесінде нормативтік құжаттар мен озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, іс жүзіне асыру;
- 3.7. Пән апталығы мен әдістемелік күнді өткізу.
- 3.8. Өзара сабаққа қатысу.

IV. Әдістемелік бірлестік жұмысының тәртібі

- 4.1. Әдістемелік бірлестік мүшелерімен келісіп тәжірибелі педагогтан мектеп директоры әдістемелік бірлестік жетекшісіне тағайындайды. Ол әдістемелік бірлестік төрағасы қызметін атқарады.
- 4.2. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы ағымдағы жылдың жоспарына сәйкес жүргізіледі. Жоспарды әдістемелік бірлестіктің төрағасы жасайды, оны әдістемелік бірлестік отырысында қарастырады, директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарымен келісіп, мектептің әдістемелік кеңесінде бекітеді.
- 4.3. Әдістемелік бірлестіктің отырысы тоқсанына бір рет өткізіледі. Әдістемелік бірлестіктің өткізілу уақыты және орны туралы директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарына алдын ала айтуы керек.
- 4.4. Отырыста қаралып, талқыланатын әр сұраққа ұсыныс қабылданып, ол хаттама кітабына жазылады. Ұсынысқа әдістемелік бірлестіктің төрағасы қол қояды.
- 4.5. Қарастырылатын сұрақтар басқа әдістемелік бірлестікке қатысы болса, онда отырысқа оның төрағасы шақырылады.
- 4.6. Мектептің әдістемелік жұмыс жоспарына және мектепшілік бақылауға сәйкес әдістемелік бірлестіктің жұмысына бақылауды мектеп директоры, директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары іс жүзіне асырады.

V. Әдістемелік бірлестіктің құжаттары

1. ӘБ жетекшісін тағайындау туралы бұйрық.
2. ӘБ ережесі.
3. ӘБ жетекшісі мен мұғалімдердің лауазымдық міндеттері.
4. Өткен оқу жылында істелген жұмыстың талдауы.
5. ӘБ тақырыбы, мақсаты, басыңқы бағыты, оқу жылының міндеттері.
6. Осы оқу жылына ӘБ жұмыс жоспары.
7. ӘБ мұғалімдері туралы мәлімет (сандық және сапалық құрамы).
8. Мұғалімдер аттестациясының перспективалық жоспары.
9. Пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізу кестесі.
10. Оқу бағдарламалары
11. Пән апталықтарының жоспары
12. Пән бойынша алынған бақылау жұмыстарының қорытындылары
13. ӘБ отырысының хаттамалары

V. Әдістемелік бірлестіктің құқықтары

Әдістемелік бірлестіктің құқығы бар:

- мұғалімдердің біліктілік санаттарын көтеру туралы ұсыныс дайындауға;
- мектептегі оқу үдерісін жақсарту бойынша ұсыныс беруге;
- ӘБ те жиналған озат педагогикалық тәжірибе материалдарын жариялау туралы мәселені қоюға;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша директор орынбасарларынан кеңес алуға;
- мұғалімдердің аттестациясын ұйымдастыру және мазмұны бойынша ұсыныстар беруге;
- ӘБ тарапынан «Жыл мұғалімі» сайысына мұғалімдерді ұсынуға;

VI. Әдістемелік бірлестіктің қызметін бақылау

Әдістемелік бірлестіктің қызметі мектеп директоры және оның орынбасарлары тарапынан бақыланады. Бақылау мектептің әдістемелік жұмысы және мектепшілік бақылау жоспарларына сәйкес жүргізіледі.

Әдістемелік бірлестік жетекшісінің лауазымдық міндеттері

1. Әдістемелік бірлестікте оқу және әдістемелік жұмысты басқарады;
2. ӘБ қызметін ұйымдастырады және жоспарлайды;
3. Жоспарға сәйкес ӘБ отырыстарын өткізеді;
4. ӘБ қызметі үшін қажетті құжаттарды жүргізеді, ұйымдастырады;
5. Мұғалімдердің сапалық құрамын, ӘБ жұмысының қорытындысын талдайды, ӘБ жұмысын педкеңес пен әдістемелік кеңеске көрсетеді, ұсынады;
6. Мұғалімдерге пән бойынша бағдарлама, тақырыптық-күнтізбелік жоспар, оқу-әдістемелік құрал, дидактикалық және көрнекі құралдар жасауға көмектеседі;
7. Пәндердің оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етілуінің Қазақстан Республикасы стандартына сәйкестігін қарайды;
8. Мұғалімдердің сабаққа дайындығы мен оның сапалы өткізілуін бақылайды;
9. ӘБ мұғалімдерінің озық тәжірибесін зерттеуді, жинақтауды, таратуды ұйымдастырады;
10. ӘБ-тегі пәндер бойынша сапаның соңғы нәтижесінің мониторингін жасайды (ҰБТ, ОЖСБ);
11. Белсенді шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерді ынталандырады.

Әдістемелік бірлестік тақырыбы:

«Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілі пәнінен оқушылардың тілдік дағдыларын дамыта отырып білім сапасын арттыру»

Әдістемелік бірлестік мақсаты:

Қазақ тілі пәнінде қалыптасқан тілдік дағдыларды қолдана білуге үйрету.

Оқушыларды тілдік білім негізінде түсінікті сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы жеке тұлғаның тілдік дағдыларын дамыту.

Әдістемелік бірлестік міндеті:

Оқушыны қарым-қатынастың жаңа тәсілдерін үйренуге, қазақ халқының мәдениетін ұғынуға, ұлттық мәдени сөйлесім ерекшелігін түсінуге баулу.

Әдепті, сауатты сөйлеу мәдениетін арттыру, сөздік қорын арттыру.

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

У. Нысанбаева

**2022-2023 оқу жылына арналған қазақ тілі мен әдебиеті
пән бірлестік отырыстарының
жоспары**

№	Отырыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
Отырыс №1			
1	1. Жаңа оқу жылына ӘБ іс-жоспарын бекіту 2. Нормативтік құжаттармен, жаңа бағдарламалар және оқулықтармен танысу 3. Пән бойынша жүктемелік сағаттарды бөлісу, мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылау, бекіту 4. Үйірме жұмысының тақырыбын, жоспарын талқылау, бекіту 5. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу 6. Қолданбалы және таңдау курстарына арналған бағдарламаларды талқылау, бекіту 7. Жаңа оқу жылына ашық сабақтарды жоспарлау, кестесін жасау 8. Kundelik kz электронды журналының жүргізілуі 9. ҰБТ-ға дайындау жоспарын қарау 10. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс 11. Театр күнін өткізуді жоспарлау 12. Білім алушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру бойынша жұмыс жоспарын жасау 13. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыс жоспарын түзу 14. Ақын-жазушылардың мерейтойына арналған іс-шаралар жоспарын түзу 15. Инклюзивті білім беру ортасын құру жолдарын талқылау. 16. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмаларды құрастыру жолдарын қарастыру	тамыз	ӘБ төрайымы Пән мұғалімдері

Отырыс №2			
2		караша	ӘБ төрайымы Пән мұғалімдері
	1-тоқсан қорытындысын талдау - Дарынды оқушыларды аудандық олимпиадаға дайындау мәселесі - Пән мұғалімдерінің мониторингі - Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің есебін тыңдау - Kundelik kz электронды журналының жүргізілуі - Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмысты талқылау - Театр күнінің өткізілуін талдау - Кітап оқуға құштарлықты арттыруға арналған жоспардың жүргізілуін талқылау - Проблемалық сыныпта зерттеу сабақтарын жүргізуді жоспарлау. - Бітіруші 11- сынып оқушыларының ҰБТ-ке дайындық жұмыстарын талдау. - Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мониторингі. - Инклюзивті білім беру (ЕББҚ, ЖҚБ) ортасын құру мәселелірін талқылау - Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмаларды құрастыру жолдарын қарастыру		
Отырыс №3			
3		қаңтар	ӘБ төрайымы Пән мұғалімдері
	- I-жартыжылдық қорытындысы - Мұғалімдердің мониторингі БЖБ, ТЖБ-ға талдау жүргізу - II-жартыжылдықтағы ашық сабақтар жоспарын жасау - Мектепшілік педокуға дайындалған баяндамаларды талдау, мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама - Инклюзивті білім беру (ЕББҚ, ЖҚБ) ортасын құру мәселелірін талқылау - Kundelik kz электронды журналының жүргізілуі «Театр және балалар» жобасы аясында атқарылған жұмыстар - Кітап оқуға құштарлықты арттыруға арналған жоспардың жүргізілуін талқылау - Зерттеу сабақтарының жүргізілуін талқылау. - Бітіруші 11- сынып оқушыларының ҰБТ-ке дайындық жұмыстарын талдау - Білім алушылардың біліміндегі		

	олқылықтардың орнын толықтыру мониторингі 15. Инклюзивті білім беру (ЕББҚ, ЖҚБ) ортасын құру мәселелірін талқылау 16. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмаларды құрастыру жолдарын қарастыру		
--	--	--	--

Отырыс №4

4	3-тоқсан қорытындысы (ТЖБ жұмыстарының қорытындысын талдау) - Сабақтарға қатысу бойынша жасалған тексеру нәтижесін талқылау - Мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама - Kundelik kz электронды журналының жүргізілуі. - Зерттеу сабақтарының жүргізілуін талдау. - Театр күнін өткізілуін талдау - Білім алушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру бойынша жүргізілген жұмысты талқылау. - Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыс жоспарының орындалуын талдау - Бітіруші 11- сынып оқушыларының ҰБТ-ке дайындық жұмыстарын талдау - Инклюзивті білім беру (ЕББҚ, ЖҚБ) ортасын құру мәселелірін талқылау - Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмаларды құрастыру жолдарын қарастыру	наурыз	ӘБ төрайымы Пән мұғалімі+мдері
---	---	--------	-----------------------------------

Отырыс №5

5	- ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандарттарындағы әрбір сыныптар үшін берілген міндетті білім деңгейінің орындалу барысы - II-жартыжылдық ТЖБ жұмыстарының қорытындысы (модерация жасау) - Үйірме жұмыстарының жұмысын, жыл бойы өткізілген ашық сабақтарды қорытындылау - Kundelik kz электронды журналының жүргізілуі.	мамыр	ӘБ төрайымы Пән мұғалімдері
---	--	-------	--------------------------------

	5. Проблемалық сыныптарда зерттеу сабақтарын жүргізу және тәжірибесін бөлісу 6. Инклюзивті білім беру (ЕББҚ, ЖҚБ) ортасын құру мәселелірін талқылау 7. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмаларды құрастыру жолдарын қарастыру 8. Оқу жылындағы әдіс бірлестігінің бір жылдық жұмысының қорытындысы 9. Мұғалімдердің шығармашылық жұмысының есебі 10. Педоқуға жіберілетін баяндамаларды талқылау, ұсыну 11. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыс жоспарының орындалуын талдау 12. Бітіруші 11- сынып оқушыларының ҰБТ-ке дайындық жұмыстарын талдау.		
--	--	--	--

«№ 39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ 2022-2023 оқу жылына SWOT талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Оқушылар арасында өткізілген аудандық «Балалар оқулары» байқауына 6 «Ә» сынып оқушысы Тұрғын Аяулым қатысып, жүлделі ІІІ орын иеленді, пән мұғалімі Алипова Ж. 7 «Ә» сынып оқушысы Асан А қатысып, Алғыс хатпен марапатталды, пән мұғалімі Абдраймова Б 2. Аудандық «Мағжан оқулары» байқауына қатысып 10 «А» сынып оқушысы Амиралиев Балғынбек І орынды иеленді. Пән мұғалімі Алипова Ж А Мұғалімдер арасында өткізілген аудандық «Ыбырай жазулары» байқауына қатысып Алипова Ж. І орынды иеленді. Мұғалімдер пән олимпиадасына қатысып Абдраймова Б. ІІ орынды иеленді. 3. Аудандық Қ Бітібаева атындағы пән олимпиадасына қатысып 10 «А» сынып оқушысы Сейтхан Амина жүлделі ІІІ орынды иеленді. 4. Аудандық «Абай оқулары» байқауына қатысып 10 «а» сынып оқушысы Сейтбек Ақниет жүлделі ІІ орынды иеленді, эссе жазу байқауы бойынша 10 «А» сынып оқушысы Сейтхан Амина жүлделі ІІ орынды иеленді, пән мұғалімдері Ж. Алипова 5. «Жарқын болашақ» олимпиадасының аудандық кезеңінде 5 бағытына оқушы қатыстырылып 10 «А» сынып оқушысы Өміртай Қ жүлделі ІІІ орын, 8 «Б» сынып оқушысы Тұрсынбек А. жүлделі ІІІ орын, 8 «Г» сынып оқушысы Давлетар Тоғжан жүлделі ІІІ орын, 10 «Г» сынып оқушысы Сәрсенбек Кәмшат жүлделі ІІ орынды иеленді	1. Қазақ тілі пәнінен кейбір білім алушылардың тілдік дағдыларының төмендігі; 2. Қазақ әдебиеті пәні бойынша кейбір білім алушылардың жоғарғы ойлау деңгейіндегі тапсырмаларды орындау қабілетінің төмендігі; 3. Білім алушыларда оқытудың техникалық құралдарының жеткіліксіздігі; 4. Интернет байланысының тұрақсыздығы; 5. Күрделі оқу мақсаттарын оқушылардың толықтай меңгермеуі; 6. Білім алушылардың әдеби кітаптарды оқуға деген құштарлығының төмендігі; 7. Білім алушылардың ұйымдастырылған түрлі байқауларға қатысуға қызығушылығының төмендігі; 8. Пән мұғалімдерінің білім беру платформаларының мүмкіндіктерін толық пайдаланбауы. 9. Пән мұғалімдерінің ресурс қорының жеткіліксіздігі; 10. Пән мұғалімдері мен ата-аналардың байланысының төмендігі.

Бекітемін
Мектеп директоры:



У.Нысанбаева

**Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі мұғалімдерінің үйірме жұмыстарын
жүргізу кестесі**

2022-2023 оқу жылы

к/с	Мұғалімнің аты-жөні	Сыныбы	Өтілетін күні	Уақыты
1	Абдраймова Гулжан	8-сынып	дүйсенбі	15:00
2	Оспанова Гульженис	5-сынып	дүйсенбі	12:00
3	Тұрымбетова Бағила	10-сынып	сейсенбі	15:00
4	Айхынбаева Ұлдана	8-сынып	сейсенбі	16:00
5	Алипова Жанар	6-сынып	сәрсенбі	12:40
6	Асенов Өркен	9-сынып	сәрсенбі	16:00
7	Аширова Жұмақыз	7-сынып	сәрсенбі	12:00
8	Сабденов Ержан	6-сынып	сәрсенбі	15:00
9	Абдраймова Бибижамал	7-сынып	бейсенбі	15:00
10	Еркінбекова Гүлмира	8-сынып	жұма	15:00
11	Есенқұлова Гүлжанат	11-сынып	жұма	16:00
12	Саурбаева Мөлдір	5-сынып	жұма	12:00

Кестені түзген қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жетекшісі: Алипова Ж

«Бекітемін»

Мектеп директоры

У. Нысанбаева

«Келісемін»

Оқу ісі жөніндегі орынбасар:

Р. Мустапаева

Келес ауданы

№39 Л. Жолдасов атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің нысаналы сыныптардағы іс-әрекетті зерттеу жүргізу тақырыптары
2022-2023 оқу жылы

Қ/с	Тақырыбы	Сынып	Пән мұғалімі
1	6 «А» сыныбында қазақ тілінен оқылым стратегияларын қолдану арқылы оқушылардың оқылым дағдысын дамыту	6 «А»	Алипова Ж
2	Қазақ тілі сабағында графикалық органайзерлерді тиімді қолдану арқылы білім алушылардың оқылым дағдысын дамыту	5 «Г»	Оспанова Г
3	6 «Б» сыныбында қазақ тілінен оқылым айтылым стратегияларын қолдану арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту	6 «Б»	Айхынбаева Ұ
4	9 «Ә» сыныбында қазақ тілі пәнінен проблемалық оқыту арқылы оқушылардың айтылым дағдысын дамыту.	9 «Ә»	Асенов Ө
5	9 «В» сыныбында қазақ тілі пәнінен әдістерді тиімді қолдана отырып оқушылардың айтылым мен жазылым дағдысын қалыптастыру	9 «В»	Тұрымбетова Б
6	8 «Г» сыныбында қазақ тілінен жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқушылардың жазылым дағдысын дамыту	8 «Г»	Еркінбекова Г
7	9 «Б» сыныбында жетекші сұрақтар қоя отырып оқушылардың айтылым дағдысын дамыту	9«Б»	Есенқұлова Г
8	8 «В» сыныбында қазақ тілінен проблемалық оқыту арқылы оқушылардың оқылым дағдысын дамыту	8 «В»	Абдраймова Г
9	7 «Ә» « сыныбында тыңдалым стратегияларын қолдану арқылы тыңдалым дағдыларын дамыту	7«Ә»	Абдраймова Б
10	6 «Г» сыныбында қазақ тілінен сұрақ түрлерін қолдана отырып оқушылардың айтылым дағдысын дамыту	6«Г»	Сабденов Е
11	5 «А» сыныбында қазақ тілінен сұрақ түрлерін қолдана отырып оқушылардың айтылым дағдысын дамыту	5 «А»	Сауррбаева М

Пән бірлестік жетекшісі:

Алипова Ж

«КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНЕ ҚАРАСТЫ
«№39 Л.ЖОЛДАСОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ

«Бекітемін»

Мектеп директоры

У. Нысанбаева

«Келісемін»

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Р. Мустапаева

Қазақ тілі және әдебиеті пәндері онкүндігінде өткізілетін іс-шаралар жоспары

2022-2023 оқу жылы

Қ/с	Іс-шара атауы	қатысушылар	мерзімі	Ұйымдастырушылар
1	«Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» онкүндіктің ашылуы	5-11 сыныптар	6.03.2023 Сағат:8:15	ӘБ мүшелері
2	«Латын әліпбиіне көшу –бізге не береді?» конференция сабақ	9-сыныптар	6.03.2023 Сағат 11:00	Асенов Ө
3	«Ғажайып қазақ тілі әлемі» сайыс сабақ	5 -сыныптар	6.03.2023 Сағат:12:40	Оспанова Г Саурбаева М
4	«Өлең -сөздің патшасы, сөз сарасы...» поэзия сағаты	мұғалімдер	6.03.2023ж Сағат:15:10	Оспанова Г Абдраймова Б
5	«Тіл тағдыры-ел тағдыры» диспут сабағы	10-сыныптар	7.03.2023 Сағат: 11:00	Турымбетова Б
6	«Әдебиет көшбасшысы» жарыс сабақ	6-сыныптар	7.03.2023 Сағат:12:40	Алипова Ж Сабденов Е
7	«Эссе жазып үйренейік» практикалық сабақ	мұғалімдер	7.03.2023ж Сағат 15:10	Алипова Ж
8	«Білімді мыңды жығар» сайыс сабақ	7-сыныптар	9.03.2023 Сағат: 11:00	Абдраймова Б Аширбекова Ж
9	«Тіл-рухани жаңғыру тетігі» пікірталас	8-сыныптар	9.03.2023 Сағат:12:00	Еркінбекова Г Абдраймова Г

10	«Батаменен ел көгерер...» бата-тілектерді мәнерлеп оқу байқауы	мұғалімдер	9.03.2023ж Сағат: 15:00	Асенов Ө Сабденов Е
11	«Қызықты қаяқ тілі әлемі» сайыс сабақ	4-сынып	9.03.2023ж	Абазова Ж
12	«Білімді мыңды жығар» интеллектуалды сайыс сабағы	3-сынып	10.03.2023	Даубаева Г
13	«Мамандықтар әлемі: біз таңдайтын жолдар» ақпараттық - танымдық сабақ	11-сыныптар	10.03.2023 Сағат :9:20	Есенқұлова Г
14	«Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі ұлттық тәлім-тәрбие» ашық алаң	мұғалімдер	10.03.2023 Сағат: 15:10	Айхынбаева У
15	«Мен жастарға сенемін!» (М. Жұмабаевтың туғанына 130ж) әдеби қорытынды кеш	8-сыныптар	13.03.2023 Сағат:12:40	Айхынбаева У

Кестені түзген ӘБ жетекшісі: Алипова Ж

Бекітемін»

Мектеп директоры:

У.Нысанбаева



«№ 39 Лесбек Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2022-2023 оқу жылындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен ғылыми жоба жұмыстарының тақырыптары

№	Мұғалімнің аты-жөні	секция	Оқушының аты-жөні	сыныбы	тақырыбы
1.	Айхынбаева Улдана	Тіл білімі (қазақ тілі)	Әбілқасым Нұржас	8 «Б»	Қазіргі жастардың сөйлеу тіліндегі жаргондар
2	Абдраймова Бибижамал	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Сейтхан Арай	7«Ә»	Ы. Алтынсариннің балалар әдебиетіндегі орны
3.	Алипова Жанар	Тіл білімі (қазақ тілі)	Өміртай Құралай	9«А»	Қазіргі жастардың сөйлеу тіліндегі негізгі ерекшеліктер
4.	Еркінбекова Гулмира	Тіл білімі (қазақ тілі)	Умирзақ Аяулым	6 «Ғ»	Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің мағынасы мен бүгінгі қолданысы
5	Турымбетова Багила	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Жүсіпбек Жанель	8«Ә»	Төле би мұрасы – ұрпаққа байлық
6	Есенкулова Гулжанат	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Қалдыбек Зәуре	7«Г»	Қазыбек би толғаулары
7	Абдраймова Гулжан	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Сейтхан Айзере	7 «В»	Заманауи білім берудің түйінді идеяларын Ы. Алтынсариннің ой-толғамдарымен ықпалдастыру
8	Оспанова Гульженис	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Әлібек Жансұлу	5«Г»	Аталы сөз - баталы сөз
9	Асенов Оркен	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Қаратай Жанерке	9 «А»	А. Байтұрсынұлының шығармашылығы
10	Сабденов Ержан	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Қайназар Едіге	6 «Ғ»	Абайдың табиғат лирикасы
11	Саурбаева Молдир	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Сейтхан Айша	5 «Б»	Абайдың философиялық ойлары
12	Аширбекова Жумақыз	Тіл білімі (қазақ әдебиеті)	Бұғыбай Кеоркем	7 «Б»	Абайдың табиғат лирикасы

Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі жетекшісі :

Алипова Жанар Қабланқызы

«Бекітемін»

Мектеп директоры: У.Нысанбаева

«№39 Лесбек Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ педагогтерінің біліктілік арттыру бойынша кесте

2022-2023 оқу жылы

р/с	Педагогтың аты-жөні	Біліктілік арттыру курсынан өткен жылы				өтініш
		2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023	
1	Есенкулова Гульжанат Асановна				+	
2	Абдраймова Гулжан Сейдрасиловна	+			+	
3	Оспанова Гульженис Жумановна			+	+	
4	Айхынбаева Улдана Абдимуталовна			+	+	
5	Асенов Оркен Жакипбекович	+			+	
6	Сабденов Ержан Артыкбаевич	+			+	
7	Абдраймова Бибижамал Сейдрасиловна			+		
8	Алипова Жанар Каблановна			+		
9	Турымбетова Багила Атембаевна	+				
10	Еркинбекова Гульмира Муслимовна			+		
11	Саурбаева Молдир Алиакбаровна				+	
12	Аширбекова Жумақыз Серикбаевна				+	

ӘБ жетекшісі: Алипова Ж К

№ 39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінде өткізілген
№ 1 жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Өткізілген мерзімі: 29. 08. 2022 ж

Барлығы- 12

Қатысқаны -11

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылына ӘБ іс-жоспарын бекіту
2. Нормативтік құжаттармен, жаңа бағдарламалар және оқулықтармен танысу
3. Пән бойынша жүктемелік сағаттарды бөлісу, мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылау, бекіту
4. Үйірме жұмысының тақырыбын, жоспарын талқылау, бекіту
5. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу
6. Қолданбалы және таңдау курстарына арналған бағдарламаларды талқылау, бекіту
7. Жаңа оқу жылына ашық сабақтарды жоспарлау, кестесін жасау
8. Kundelik.kz электронды журналының жүргізілуі
9. ҰБТ-ға дайындау жоспарын қарау
10. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс
11. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыс жоспарын түзу
12. Ақын-жазушылардың мерейтойына арналған іс-шаралар жоспарын түзу

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипова баяндама жасады. Өз сөзінде жаңа оқу жылына құрылған әдістемелік бірлестіктің іс-жоспарымен таныстырды. Сондай-ақ нормативтік құжаттармен, №399 бұйрықпен, оқу бағдарламаларымен және жаңа оқулықтармен таныстырып өтті. Пән бойынша мұғалімдермен келісе отырып апталық жүктеме сағаттары бөлініп берілді. Күнтізбелік жоспар жасауда әдістемелік нұсқау мен оқу бағдарламаларына сүйеніп жасау тапсырылды. Келесі кезекте үйірме жұмыстары мен қолданбалы курс тақырыптары таңдалынып алынып алынды.

Келесі кезекте Б. Алтынсарин Ұлттық академиясы әзірлеген 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат мазмұны туралы сөз қозғалды. Биылғы оқу жылына арналған нұсқау хатта әрбір білім мекемесінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Театр күні» жобасы, үлгермеуші оқушылармен жұмыс, білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою мақсатында жүргізілетін жұмыстар барысы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар Іжж бойынша ашық сабақтар кестесі жасалынды. Келесі кезекте маңызды мәселелердің бірі 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ке дайындау жолдары туралы сөз қозғалды. ҰБТ -те орын алған өзгерістер талқыланып, оқушыларды жан-жақты дайындау тәсілдері туралы пікір бөлісті. Жарыссөзге шыққан Г. Абдраймова оқушылардың оқылым дағдыларын жетілдірудің бірнеше тәсілдерін ұсынды. 9- сыныптардың ОЖСБ-ға дайындау мәселесі де айтылып, пән мұғалімдеріне дайындық жұмыстарын жандандыра жүргізу тапсырылды.

Сондай-ақ Kundelik.kz электронды журналының дұрыс, уақытылы жүргізілуі туралы бірнеше кеңестер берілді.

Келесі кезекте оқу мен оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер туралы мәселе көтерілді.

Жаңа технологияларды тиімді қолдана отырып оқыту-бұл заман талабы екенін ескере келе әрбір мұғалім заманауи технологияларды меңгеру жолында үздіксіз кәсіби дамуды қолға алу қажеттілігі айтылды. Жарыссөзге шыққан Асенов Ө, Сабденов Е сынды әріптестеріміз цифрлық құзыреттілікті меңгеру аса қиындық туғыза қоймайтынын айтып өтті.


Пән бірлестік жетекшісі Алипова Ж өз сөзін қорытындылай келе әрбір мұғалім өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарай отырып әрбір білім алушымен, ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, сапалы білім беруді ұйымдастыра білуге міндетті екенін ескертіп өтті.

Ұсыныстар:

1. Жаңа оқу жылына жасалған ӘБ жоспары бекітілсін.
2. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары және үйірме жұмысы мен факультатив сабақ жоспарлары бекітілсін.
3. Жаңа оқу жылына жасалған іс-шаралар жоспарлары бекітілсін.
4. Бітіруші ІІ сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау, 9- сынып оқушыларын ОЖСБ-ға дайындау жұмыстары пән мұғалімдеріне міндеттелсін.
5. Заманауи білім беру технологияларын тиімді қолдану әрбір пән мұғаліміне міндеттелсін.
6. Әрбір пән мұғалімі әдістемелік нұсқау хаттағы ұсынымдарға сай жұмыс жүргізісін.
7. Kundelik.kz электронды журналын өз уақытында толтырып отыру әр мұғалімге міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Алипова Ж

Тұрымбетова Б

« № 39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінде өткізілген

№ 2 жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Өткізілген мерзімі: 3.11.2022 ж

Барлығы- 12

Қатысқаны -12

Күн тәртібі:

- 1.1-тоқсан қорытындысын талдау
- 2.Дарынды оқушыларды аудандық олимпиадаға дайындау мәселесі
- 3.Пән мұғалімдерінің мониторингі
- 4.Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің есебін тыңдау
- 5.Kundelik kz электронды журналының жүргізілуі
- 6.Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмысты талқылау
7. Кітап оқуға құштарлықты арттыруға арналған жоспардың жүргізілуін талқылау
8. Проблемалық сыныпта зерттеу сабақтарын жүргізуді жоспарлау.
- 9.Бітіруші 11- сынып оқушыларының ҰБТ-ке дайындық жұмыстарын талдау.
- 10.Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жасалған жұмыс мониторингі

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипова сөз бастады. I тоқсан қорытындысымен таныстыра отырып, қазақ тілі пәнінен жоғары нәтиже көрсеткен сыныптарды атап өтті. 5 «А» сыныбы 73%, пән мұғалімі М. Саурбаева, 6 «Ә» сыныбы 72% пән мұғалімі Ж. Алипова, 7 «А» сыныбы 70% пән мұғалімі Аширбекова Ж, 8 «А» сыныбы 76% , пән мұғалімі Абдраймова Г. Сондай ақ оқу үлгерімі бойынша төмен нәтиже көрсеткен 8 «Б» сыныбы 41% білім сапасын көрсетті және 9 «Б» сыныбы 39 % білім сапсын көрсетті. Пән мұғалімдері: Абдраймова Г, Есенқұлова Г әріптестерімізге оқушылардың білім сапасын арттыру жолында іздене отырып жұмыс жасау қажеттігін қатаң түрде ескертті. Пән бірлестік жетекшісі пән мұғалімдеріне сынып жетекшісі мен ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату қажеттігін айтып өтті.

Келесі кезекте дарынды оқушыларды олимпиадаға дайындау мәселелері туралы сөз қозғалды. Әрбір пән мұғалімі дарынды оқушылармен үздіксіз жұмыс жасай отырып, оқушы шығармашылығын шыңдауға еңбек етуі керектігі айтылды.

Сондай-ақ пән мұғалімдерінің БЖБ, ТЖБ жұмыстарының талдауының есебі туралы сөз қозғалды. Әрбір пән мұғалімі талдау жұмыстарымен таныстырды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдерінің пәндік құзіреттіліктерін дамыту біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасы бойынша курстан өткен Алипова Ж, Абдраймова Б, Оспанова Г курстан алған әсерімен бөлісіп баяндама жасап өтті. Келесі кезекте «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында әрбір пән мұғалімі ұсынылған 100 кітапты оқуға оқушыларға ықпал жасау жұмыстары туралы сөз қозғалды. Пән мұғалімдері біршама оқушылар кітап оқуға кірісіп кеткенін жеткізді. Сабақтан тыс уақытта үйірме сабақтары кезінде оқушылардың оқыған кітаптары талқыланып отырғанын жеткізді.

Келесі кезекте Kundelik kz электронды журналының жүргізілуі барысы қозғалды. Кейбір пән мұғалімдерінің кемшіліктері айтылып, өз уақытында толтыруға қатысты бірнеше ұсыныстар берілді. Проблемалық сыныптарда зерттеу сабақ жүргізу барысымен Оспанова

11 сынып оқушыларын ҰБТ –ке дайындау жұмыстары туралы пән мұғалімі Г. Оспанова баяндама жасап, оқу сауаттылығы бойынша тест нәтижелерімен таныстырды. Сөз соңында бірлестік жетекшісі Ж. Алипова әрбір пән мұғалімі өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарап, қашықтан оқытуды тиімді ұйымдастыра білгені жөн екенін айтты. Сондай-ақ білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыруға арналған жұмыс жоспарына сай тапсырмалар әзірлеп оқушылардың білім сапасын арттыруға талпыныс жасау қажеттігін ескертті.

Ұсыныс:

1. Қорытындысы бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Үлгерімі төмен нәтиже көрсеткен пән мұғалімдері өз сабақтарында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға жұмыс жасасын.
3. Біліктілік арттыру курсынан өткен Ж. Алипова, Г. Оспанова, Б. Абдраймованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Проблемалық сыныптарда зерттеу сабақтарын жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттелсін.
- 6 Бітіруші сынып оқушыларын ҰБТ-ке дайындық жұмыстарын тиімді жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттелсін
- 7 Kundelik.kz электронды журналын өз уақытында толтырып отыру әр мұғалімге міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Алипова Ж

Тұрымбетова Б

№ 39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінде өткізілген
№ 3 жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Өткізілген мерзімі: 4.01.2023 ж

Барлығы- 12

Қатысқаны -11

Күн тәртібі:

1. I-жартыжылдық қорытындысы
2. Мұғалімдердің мониторингі БЖБ, ТЖБ-ға талдау жүргізу
3. II-жартыжылдықтағы ашық сабақтар жоспарын жасау
4. Мектепшілік педоқуға дайындалған баяндамаларды талдау, мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама
5. Online мектеп білім беру платформасымен жұмыстың жүргізілуі
6. Әр түрлі мәселелер

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипова баяндама жасады. II тоқсан бойынша оқу үлгерімімен таныстыра келе жоғары нәтиже сыныптар 11 «В» сыныбы білім сапасы 92 % , пән мұғалімі Абдраймова Б, 9 «А» сыныбы білім сапасы 89 % , пән мұғалімі Ө Асенов, 10 «А» білім сапасы 79%, пән мұғалімі Алипова Ж. Төмен нәтиже көрсеткен 8 «А» сыныбы білім сапасы 51%, пән мұғалімі Абдраймова Г, 8 «Б» сыныбының білім сапасы 48% , пән мұғалімі Абдраймова Г екенін атап өтті. Жоғары нәтиже көрсеткен мұғалімдерге бақылау жұмысы алынып, білім сапасына салыстыру қажеттігін айтып өтті. Оқушыларды бағалауды дұрыс жүргізу, білім сапасының нақты көрсеткішін анықтауға жұмыс жасау қажеттігін айтып өтті, төмен нәтиже көрсеткен сыныптың пән мұғалімдеріне алдағы уақытта жан-жақты ізденісте жұмыс жасау керектігін айтып өтті.

Сондай –ақ пән мұғалімдері өзара тәжірибе алмасу мақсатында арқылы жатқан ашық сабақтарға қатысу барысы талқыланды.

Келесі кезекте II жартыжылдық ашық сабақтар кестесі пән мұғалімдерінің келісімімен жасалды. Ашық сабақтарды өткізуде түрлі платформаарды тиімді қолдану арқылы оқушының АКТ –мен жұмыс жасау мүмкіндігін жарату қажеттігін айтты. Барынша оқушыға қолжетімді платформалар таңдалынып алынғаны дұрыс екені айтылды. Сонымен қатар мұғалімнің шығармашылық есебі бойынша Ұ. Айхынбаева таныстырылым жасады. Өз тәжірибесінде қолданып жүрген бірнеше тиімді әдіс – тәсілдерді көпшілік назарына ұсынды. Пән мұғалімдері Ұлдана апайға сындарлы кері байланыс бере отырып, жоғары бағасын берді.

Келесі кезекте мұғалімдердің Online мектеп білім беру платформасымен жұмыстың жүргізілуі туралы есеп берілді. Пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипова кейбір сынып оқушылардың белсенділігі төмен болып тұрғанын айта келе, пән мұғалімдері ата-аналармен және сынып жетекшісімен тығыз байланыс орнату керектігі айтылды. Сөз соңында Ж. Алипова қашықтан оқыту туралы әр түрлі мәселелерге тоқталды.


Сөз соңында кезекшілік міндетін атқару, коучинг сабақтарын өту және ашық сабақтарға қатысу, оқушылармен «Оқуға құштар мектеп» жобасына ұйымдастыру сынды мәселелер көтеріліп, жан-жақты талқыланды. Сондай –ақ ЕББҚ бар оқушылармен жұмыс жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылып, ортақ шешімге келді.

Ұсыныс:


1. II тоқсан қорытындысы бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру әрбір пән мұғалімі ескерсін.
3. Onleine мектеп платформасында тиімді жұмыс жүргізу
4. ЕББҚ бар оқушымен жұмыстарды тиімді ұйымдастыру.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Алипова Ж



Тұрымбетова Б

№ 39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінде өткізілген

№ 39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінде өткізілген
№ 4 жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Өту уақыты: 25.03.23ж

Күн тәртібі:

1. 3-тоқсан қорытындысы (ТЖБ жұмыстарының қорытындысын талдау)
2. Сабақтарға қатысу бойынша жасалған тексеру нәтижесін талқылау
3. Мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама
4. Online мектеп білім беру платформасымен жұмыстың жүргізілуі

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипова баяндама жасады. 3 тоқсан қорытындысымен таныстыра отырып жоғары нәтиже көрсеткен 7 Ә сыныбы - 72% білім сапасы, пән мұғалімі Г. Абдраймова, 5 Ә сыныбы - 74% білім сапасы, пән мұғалімі М. Саурбаева. Төмен нәтиже көрсеткен сыныптар – 6 Ә сыныбы - 49% білім сапасы, пән мұғалімі Б. Абдраймова, 8 Б сыныбы - 45% білім сапасы, пән мұғалімі Е Сабденов. Төмен нәтиже көрсеткен сыныптардың пән мұғалімдеріне алдағы уақытта сыныптағы басты проблемаларды анықтай отырып, зерттеу сабақтарын жүргізу керектігі айтылды.

Келесі кезекте пән бірлестік жетекшісі пән мұғалімдерінің сабақтарына талдау жасалынды. Сабақтардағы іс-әрекеттерге кері байланыс беріле отырып жетістіктері мен жетілдіруге тиіс тұстарына ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар Б. Абдраймова «Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқылым дағдысын дамыту жолдары» тақырыбындағы шығармашылық есебіне таныстырылым жасады. Өз тәжірибесінен мысалдар келтіре отырып оқылым дағдысын жетілдіруге арналған тиімді әдіс-тәсілдер ұсынды.

Мұғалімдердің өз білімін көтеру жұмыстарының есебі тыңдалынып, шығармашылық есептерді беруді ұйымдастыру формалары мен әдіс-тәсілдері талқыланады.

Сондай-ақ, оқу мен оқытуды жақсарту мақсатында әрбір пән мұғалімі өзі сабақ беретін сыныптардың ішінен проблемалы сыныпты анықтап, ондағы негізгі кедергіні негізге ала отырып іс-әрекеттегі зерттеу сабағын ұйымдастыруы қажет екені айтылды. Ол үшін оқушылардан сауалнама алып, сол сыныптың пән мұғалімдерімен кәсіби сұхбат жүргізіп зерттеу тақырыбын анықтап алу қажет.

Сөз соңында әр түрлі мәселелер қозғалып, әр бір мұғалім өз ісіне жауапкершілікпен қарау керектігі айтылды.



Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында жаңаш әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты қызықты, тартымды өткізуге жағдай жасау қажет.

Қаулы:

1. III тоқсан қорытындысы бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Үлгерімі төмен нәтиже көрсеткен пән мұғалімдері өз сабақтарында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға жұмыс жасасын.
3. Б. Абдраймованың шығармашылық есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
- 3 Online мектеп платформасында тиімді жұмыс жүргізу әрбір пән мұғаліміне міндеттелсін

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Алипова Ж

Тұрымбетова Б

Х А Т Т А М А С Ы

Өту уақыты: 28. 05.23ж

1. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандарттарындағы әрбір сыныптар үшін берілген міндетті білім деңгейінің орындалу барысы
2. II-жартыжылдық ТЖБ жұмыстарының қорытындысы (модерация жасау)
3. Үйірме жұмыстарының жұмысын, жыл бойы өткізілген ашық сабақтарды қорытындылау
4. Onleine mektep білім беру платформасымен жұмыстың жүргізілуі
5. Kundelik kz электронды журналының жүргізілуі.
6. Проблемалық сыныптарда зерттеу сабақтарын жүргізу және тәжірибесін бөлісу
7. Оқу жылындағы әдіс бірлестігінің бір жылдық жұмысының қорытындысы
8. Мұғалімдердің шығармашылық жұмысының есебі
9. Педокуға жіберілетін баяндамаларды талқылау, ұсыну

ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандартының міндетті білім беру деңгейінің орындалуы туралы сөз қозғады. Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипова баяндама жасады. 4 тоқсан қорытындысымен таныстыра отырып жоғары нәтиже көрсеткен 8 Ә сыныбы - 76% білім сапасы, пән мұғалімі Ө. Асенов, 6 Ә сыныбы - 72% білім сапасы, пән мұғалімі Б.Абдраймова. Төмен нәтиже көрсеткен сыныптар – 6 Ә сыныбы - 49% білім сапасы, пән мұғалімі Г. Абдраймова, 7 Б сыныбы - 46% білім сапасы, пән мұғалімі Б.Тұрымбетова. Төмен нәтиже көрсеткен сыныптардың пән мұғалімдеріне алдағы уақытта сыныптағы басты проблемаларды анықтай отырып, зерттеу сабақтарын жүргізу керектігі айтылды.

Келесі кезекте пән бірлестік жетекшісі ТЖБ жұмыстарына модерация жасау туралы сөз қозғады. Пән мұғалімдері өз талдауларын таныстырды..

Onleine mektep электрондаы журналының жүргізілуі туралы сөз қозғалынып, өз уақытында бағалар дұрыс қойылуы, баға өзгертуге болмайтындығы т.б мәселелер туралы айтылды.

Проблемалық сыныптарда жүргізілген зерттеу сабақтарының қорытындысы шығарылып, нәтижесін көпшілікке ұсыну керектігін ескертті.

Сонымен бірлестіктің жыл бойы атқарылған жұмыстарының есебі жасалынып, оқушы мен пән мұғалімдерінің жетістігі аталып өтілді.

Мұғалімдердің өз білімін көтеру жұмыстарының есебі тыңдалынып, шығармашылық есептерді беруді ұйымдастыру формалары мен әдіс-тәсілдері талқыланады.

Сондай-ақ, оқу мен оқытуды жақсарту мақсатында әрбір пән мұғалімі өзі сабақ беретін сыныптардың ішінен проблемалы сыныпты анықтап, ондағы негізгі кедергіні негізге ала отырып іс-әрекеттегі зерттеу сабағын ұйымдастыруы қажет екені айтылды. Ол үшін оқушылардан сауалнама алып, сол сыныптың пән мұғалімдерімен кәсіби сұхбат жүргізіп зерттеу тақырыбын анықтап алу қажет.



Сөз соңында әр түрлі мәселелер қозғалып, әр бір мұғалім өз ісіне жауапкершілікпен қарау керектігі айтылды.

Қаулы:

1. III тоқсан қорытындысы бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Алипованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
 2. Үлгерімі төмен нәтиже көрсеткен пән мұғалімдері өз сабақтарында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға жұмыс жасасын.
 3. У Айхынбаеваның шығармашылық есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
- 3 Online мектеп платформасында тиімді жұмыс жүргізу әрбір пән мұғаліміне міндеттелсін

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Алипова Ж

Тұрымбетова Б